



**"Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі N 853 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 желтоқсандағы N 1270 қаулысы  
Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының  
Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі N 853 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасы Президентінің  
Жарлығы**

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы  
26 сәуірдегі N 853 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 230 және 231-баптарына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" 2002 жылғы 26 сәуірдегі N 853 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 10, 94-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. АЭА аумағы Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес еркін кеден аймағының кедендік режимі қолданылатын Қазақстан Республикасы кедендік аумағының бір бөлігі болып табылады. АЭА шекарасы оның периметрі бойынша арнайы қоршаумен жабдықталады. АЭА периметрлері Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы болып табылады.

АЭА аумағында еркін кеден аймағының кедендік режиміне мынадай тауарлардың тізбесін орналастыруы рұқсат етіледі:

жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес АЭА аумағында объектілерді салу және пайдалануға беру үшін қажетті машиналар, жабдықтар, тауарлар мен материалдар; тауарларды жеткілікті қайта өңдеу өлшемдеріне сәйкес қайта өңдеуге арналған тауарлар (акцизделетін тауарларды қоспағанда); ұйымның технологиялық құжаттамасына сәйкес өнімдер өндірісін қамтамасыз етуге қажетті машиналар мен тетіктер, жабдықтар, арнайы мақсаттағы автомобильдер, материалдар, тауарлар және шала өнімдер.

АЭА аумағына еркін кеден аймағының кедендік режиміне орналастырылған тауарлармен:

тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша;  
тауарларды қайта өңдеу бойынша;  
осы ережеге сәйкес АЭА құру мақсатына қол жеткізу үшін қажетті тауарлар мен жабдықтарды пайдалану және қолдану бойынша;  
тауарларды сатуға және тасымалдауға дайындау бойынша;  
құрылыс және өнеркәсіп өндірісі технологиясының талаптарын орындау бойынша операциялар жасауға рұқсат етіледі."

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*